


Бекітемін: 
« 24 » « 05 » 2023 ж.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі: А.Г. Уртамбаева

**Меңгеруші жанындағы отырыс жоспары
2023-2024 оқу жылы**

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	
1	Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (тексерудің қорытындысы)	Тамыз	Меңгеруші Уртамбаева А.Г. Әдіскер Ахметова А.Ж.	
2	Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы. Таңғы жаттығудың жасалуын бақылау.			
3	Топтардың санитарлық жай күйі.			
4	Балалардың балабақшадағы мінез-құлықты қалыптастыруға дағдыландыру жолдары.			
5	«Тіл апталығы», «Алтын күз» мерекесі жоспарын бекіту.			
1.	Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.	Қыркүйек	Меңгеруші Уртамбаева А.Г. Әдіскер Ахметова А.Ж.	
2.	Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы. Бақылау.			Медбике Бурханова З.Т. Әдіскер Ахметова А.Ж.
3.	Балабақшада тәрбиешілер мен бала арасындағы қарым-қатынасты талқылау. Түсіндіру жұмыстары.			Әдіскер Ахметова А.Ж.

4.	Балабақшада топ бөлмелернің тазалығы мен мерекелерге сай безендірілуіне бақылау.		Медбике Бурханова З.Т. Әдіскер Ахметова А.Ж.
1	Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы туралы.	Желтоқсан	Әдіскер Ахметова А.Ж. Шаруашылық меңгерушісі Наурзалиева Ф.М.
2	Құқықтық оқыту жұмысының барысы.		Медбике Бурханова З.Т.
3	Күн тәртібінің орындалуы.		Әдіскер Ахметова А.Ж. Шығармашылық топ
4	Салауатты өмір салтын ұстану жұмыстарына жалпы кеңестер, жоспарлар.		Шаруашылық меңгерушісі Наурзалиева Ф.М.
5	Тәуелсіздік мерекесіне арналған іс-шаралардың өткізілетіндігі туралы.		Әдіскер Ахметова А.Ж.
6	Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру;		Әдіскер Ахметова А.Ж.
1	Салыстырмалы бақылау: Балабақшадағы мамандар қызметін бақылау және талдау	Ақпан	Әдіскер Ахметова А.Ж.
2	Талдау «Балалардың эстетикалық тәрбиесінің деңгейі»		Әдіскер Ахметова А.Ж.
3	Табиғат бұрышындағы балалардың жұмысының ұйымдастырылуы және жабдықталуы		Шығармашылық топ
1	Салыстырмалы бақылау: «Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық жайы»	Мамыр	Медбике Бурханова З.Т.
2	Ұйымдастырылған оқу қызмет үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану бойынша сараптама		Әдіскер Ахметова А.Ж.
3	Жазғы сауықтыру мерзіміне дайындық жедел бақылау		Әдіскер Ахметова А.Ж.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

**Меңгеруші жанындағы
кеңес хаттамасы**

2023-2024 оқу жылы

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы
№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы
Хаттама №1

Күні: 28.08.2023

Қатысқандар: -26

Меңгеруші жанындағы кеңестің №01 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (тексерудің қорытындысы)
2. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы. Таңғы жаттығудың жасалуын бақылау.
3. Топтардың санитарлық жай күйі.
4. Балалардың балабақшадағы мінез-құлықты қалыптастыруға дағдыландыру жолдары.
5. «Тіл апталығы», «Алтын күз» мерекесі жоспарын бекіту.

1. **Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі: А. Г. Уртамбаева 2023-2024 жаңа оқу жылына барлық топтардың дайындығын тексеріп шықты.

Әдіскер А.Ж.Ахметова барлық топта жаңа оқу жылына керекті жабдықтардың бар екенін әр топта сабақ өтуге арналған бес білім дағдысы бойынша көрнекіліктер, сурет салуға керекті материалдар жұмыс жүргізу үшін жеткілікті екенін айтып өтті. Топта табиғат бұрышы, денсаулық бұрышы, кітап бұрышы тиісті деңгейде жабдықталған. Ұлттық құндылықтарда өз деңгейінде жабдықталған.

2. **Тыңдалды:** балабақша медбикесі: З.Т. Бурханова балаларға берілетін тамақтардың сапасын бес күн бойы түрлі тағамдар, бірінші тамаққа сұйық тамақ, екінші тамаққа қою тамақтар берілетінін, тамақта бала бойына қуат беретін дәрумендер бар екендігін айтып өтті. Балаларға түрлі кампот, какао, сүт шай, кисель т.б сусындар берілетінін атап кетті. Балалар күніне төрт мезгіл тамақтанады. Таңғы асқа дәруменге бай каша, шай, нан беріледі. Түскі асқа бірінші, екінші тамақ және шәй мен нан беріледі. Ал, түстен кейінгі асқа самса, бауырсақ, булочка т.б дәмді сусындар беріледі. Таңертең тәрбиеші балаларды қабылдап күн тәртібі бойынша таза ауада жаттығу жасайды, тазалықты сақтап топқа ретімен тәрбиешінің нұсқаулығымен кіреді. .

Әдіскер А.Ж.Ахметова және медбике З.Т.Бурханова таңертеңгі жаттығудың жасалуын күнделікті бакылап отыратынын айтты. Әдіскер А.Ж. Ахметова таңертеңгі жаттығуды күнде түрлі бағытта жасауды тапсырды. Тәрбиешілер келісті.

3. **Тыңдалды:** медбике З. Т. Бурханова 2023-2024 оқу жылының басынан бастап әр топта санитарлық жағдайдың мұқият қарастырылғанын айтып өтті.

Әр топта қол жуғыштардың , жұмыс жасап тұрғанын, жылы су ағып тұрғанын, қол жуу үшін сабындар бір реттік сүрткіштер сонымен қатар ар баланың жеке өзіне арналған сүлгілері бар екенін айтып өтті. Әр балаға жеке ыдыстар қасық, шанышқы, тарелке, кесе жеткілікті екенін, ыдыстар гигиеналық талапқа сай жуылатындығында ескертті. Балалардың жатын бөлмесінде жамылғылар жиі таза жамылғыға ауыстырылып тұратындығын айтты.

4. Сөз сөйледі: әдіскер А. Ж.Ахметова балабақшамызға ата-аналар балаларын жақсы білім алсын деп, тәрбиеленсін деп береді. Түптеп келгенде баласын тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету үшін әкеледі. Біз баланы балабақшаға қабылдап алған соң балабақшадағы мінез-құлқын қалыптастыруымыз керек.

Балабақшада мінез құлықты қалыптастыру дегеніміз балаға өз-өзіне қызмет етуді үйрету, досына адал болып көмектесуі, тазалықты сақтай білуі, сонымен қатар әдептілікке баулу, тамақта төкпей ішуге, қасықты оң қолымен тура ұстауға үйретудің бәрі балабақшадағы мінез құлықты қалыптастыру болып табылады деп түсіндірді— әдіскер А.Ж. Ахметова, тәрбиешілер әдіскердің сөзіне келісті.

5. Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі А. Г. Уртамбаева ертеңгілік өткізер кезеңдегі балалардың өмір қауіпсіздігі сақталуы керектігін тапсырды. Әдіскер А.Ж. Ахметова барлық тәрбиешілерге алдағы өткізетін тіл мерекесін ашық сабақ түрінде өткізуді тапсырды. Тәрбиешілер келісті. Ал алтын күз ертеңгілігін түрлі әндермен, әсем билермен балаларға күз туралы тақпақ айтқызып ерекше қойылымдармен ата-ананы қонаққа шақырып өткізуді тапсырды. Ертеңгіліктің жоспары түзіліп, талқыланып нақтыланған соң меңгерушіге бекітіріледі. Тәрбиешілер келісті.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылына сай барлық топ жабдықталсын. Топ бұрышы әрі қарай тәрбиеші идеясымен безендірілсін.
2. Тамақ сапасы ұқыпты тексерілсін және баларға таңертеңгі жаттығу барысы қадағалансын.
3. Барлық топта санитарлық талаптар сақталсын, медбике тарапынан күнделікті қадағалансын.
4. Балабақшаға жаңадан келген баланы ерекше көңіл бөліп, ортаға бейімделуге жағдай жасасын.
5. Тіл мерекесі және ертеңгілік өз уақытында сапалы өткізілсін, қауіпсіздік сақталсын.

Кеңес төрайымы:  А. Г. Уртамбаева
Кеңес хатшысы:  А. Ж. Ахметова



Хаттама №2

Күні: 20.09.2023

Қатысқандар: -23

Меңгеруші жанындағы кеңестің №02 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы. Бақылау.
3. Балабақшада тәрбиешілер мен бала арасындағы қарым-қатынасты талқылау. Түсіндіру жұмыстары.
4. Балабақшада топ бөлмелерінің тазалығы мен мерекелерге сай безендірілуіне бақылау.

1. Сөз сөйледі: Балабақша әдіскері А.Ж. Ахметова өткен кеңестің шешімдері бойынша барлық топтарда санитарлық талаптар сақталу шаралары жүргізілгенін сонымен қатар тәрбиешілер балаларға жоспар бойынша ертеңгіліктермен мерекелік іс-шараларды өз уақытында қауіпсіздікті сақтап жүргізгендігін мәлімдеді. Таңғы жаттығулар өз уақытымен, түрлі тәсілде жасалынып жатыр – деп мәлімдеді.

2. Сөз сөйледі: Балабақша медбикесі З.Т.Бурханова 2023-2024 оқу жылындағы күн тәртібі өз деңгейінде сақталып жұмыс жүргізілуде, тәрбиешілер ата-аналармен кездесіп балалардың көңіл күйі мен денсаулығын, тазалығын сұрап, ескертулермен өтініш ұсыныстарда айтылды. Балаларды жылдық жоспар бойынша серуенге шығарады. Серуенге шыққанда такырып бойынша балаларға білім береді. Балаларды ұқыптылыққа, әдептілікке баулыды. Серуенге шығару барысында балалардың өмір қауіпсіздігімен денсаулығы жіті қадағаланады.

3. Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі А.Г. Уртамбаева және әдіскер А.Ж.Ахметова тәрбиешілерге балалармен жұмыс жүргізген кезде жаймен сөйлесуге, баланың пікірін мұқият тыңдап дерекі сөйлемей керектігін айтып өтті. Баланы ұрып, ұрсып қорқытып тәрбиелеу тәрбиешіге жат қылық болатынын айтып түсіндірді. Сонымен қатар тәрбиеші этика-эстетиканы сақтап ата-анамен жылы қарым-қатынаста болу керектігін айтып түсіндірді.

4. Сөз сөйледі: балабақша медбикесі З. Бурханова барлық топтың тазалығы талапқа сай орындалып жатқандығын әр топта жеке сұйық сабындар, әр балаға бөлек гаршоктар хлорлы сумен жуылып тазартылып жатқандығын сонымен қатар топ бөлмесіндегі ойыншықтар, шкафтар өз уақытында тазаланып жатқандығын мәлімдеді. Алда келе жатқан мерекелерге орай барлық топ өз деңгейінде сапалы безендіріп жатқандығын әдіскер толықтыра кетті.

Хаттама №3

Күні:04.12.2023

Қатысқандар: -23

Меңгеруші жанындағы кеңестің №03 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы туралы.
2. Құқықтық оқыту жұмысының барысы.
3. Күн тәртібінің орындалуы.
4. Салауатты өмір салтын ұстану жұмыстарына жалпы кеңестер, жоспарлар.
5. Тәуелсіздік мерекесіне арналған іс-шаралардың өткізілетіндігі туралы.
6. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру.

1. Сөз сөйледі: балабақша әдіскері А.Ж. Ахметова өткен кеңестің шешімдері бойынша барлық тәрбиешілер күн тәртібіне сай жұмыс жүргізіп жатқандығын айтты. Сонымен қатар балаларды жоспар бойынша серуенге шығарып олардың қауіпсіздігі толықтай медбике және тәрбиешілердің қадағалауында болды. Балалардың денсаулығы олардың жатын бөлме, ойын бөлме және ас ішер кездегі гигиеналық тазалығы күнделікті қадағаланып жатқандығын айтып өтті. Алда болатын мерекелік іс-шаралар ертеңгіліктерге дайындық жүріп жатқандығын балаларды ән-биге дайындап жатқандығын, топтарды безендіру жұмыстары алдағы уақытта тәуелсіздік мерекесінен кейін жүргізілетінін мәлімдеді.

2. Сөз сөйледі: балабақша әдіскері А. Ж.Ахметова қазан айында тәрбиеші «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» жалпы құқықтық оқыту жүргізді. Желтоқсан айында тәрбиеші: Д.Н Бисеналина «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заң аясында балабақшаның барлық қызметкерлеріне баяндама оқып, қызметкерлерді заң туралы біраз мәліметтендірді.

3. Сөз сөйледі: балабақша әдіскері А. Ж. Ахметова барлық тәрбиешінің көмекшілері балалардың келу уақытынан жарты сағат алдын келіп тазалық жұмыстарын жүргізіп, топ бөлмелерінің ауасын тазартып қоятындығын айтты. Күн тәртібі бойынша ата-аналармен жылы қарым-қатынас жасау арқылы балалардың жағдайын сұрап, оларды қабылдап алып қалады.

Хаттама №4

Күні: 01.03.2024 жыл

Қатысқандар: -25

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 04 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы туралы.
2. Балабақшадағы серуендер жұмысын бақылаудың жұмысы
3. 8-Наурыз, Наурыз мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
4. «Коммуникация» білім беру дағдысы бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейі.

1.Сөз сөйледі: балабақша әдіскері А. Ж.Ахметова өткен кеңестің шешімі бойынша барлық тәрбиешілер күн тәртібіне сай жұмыс жүргізіп жатқандығын айтты. Сонымен қатар балаларды жоспар бойынша серуенге шығарып олардың қауіпсіздігі толықтай медбике және тәрбиешілердің қадағалауында болды. Балалардың денсаулығы үшін олардың жатын бөлме, ойын бөлме және ас ішер кездегі гигиеналық тазалығы күнделікті қадағаланып жатқандығын айтып өтті. Алда болатын мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктерге дайындық жүріп жатқандығын тәрбиешілер балаларды ән-биге дайындап жатқандығын, топтарды безендіру жұмыстар алдағы көктем уақытына лайықтап безендіру жұмыстар жүріп жатқанын мәлімдеді.

2.Сөз сөйледі: балабақша әдіскері А. Ж.Ахметова серуен- балабақшада бала әрекетін ұйымдастырудағы күн тәртібіндегі негізгі сәттердің бірі. Серуеннің мақсаты — бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер мен өзгерістерді реттеп қалыпқа келтіру. Көктемдегі серуенге балабақша ауласын ересек топтар бұтақтардан , қоқыстан тазалау, балаларды тазалыққа ,енбекке баулу, бұданда басқа балабақша ауласындағы көк шөптерді жұлу арқылы жәнеде жерде өскен гүлдерді теру арқылы балаларды табиғатты сүюге үйрету. Тәрбиешілерге серуенге қатты көңіл бөлуге, және де серуенге бөлінетін уақыт тиімді әрі қызықты етіп өткізуге тақырыптарыңызды көктемгі және жазғы серуенге сай алып балалармен жұмыс жүргізуді тапсырды. Балабақша мейірбекесіне серуен кездегі балалардың киімдері мен тазалықтарына қарау жне ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болыңыз деп тапсырды. Тәрбиешілер мен медбике бірауыздан келісті.

4. «Коммуникация» білім беру дағдысы бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейін арттыруды тәрбиешілер мен әдіскерге тапсырды.

Кеңес төрайымы:

А. Г. Уртамбаева

Кеңес хатшысы:

А. Ж. Ахметова

